

XVI ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ-XVII ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ-ОРЫС ҚАТЫНАСТАРЫ

О. Мұхатова^{1*}, А. Доскараева², А. Жиренов³

^{1,2} Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Алматы, Қазақстан

³ ҚР ҒЖБМ ҒК «Ғылым ордасы» РМК, Алматы, Қазақстан

E-mail: Orazgul7@rambler.ru^{1*}

doskaraeva@gmail.com²

seikhuni.kz@mail.ru³

¹<https://orcid.org/0000-0002-8613-7248>

²<https://orcid.org/0000-0002-0035-1623>

³<https://orcid.org/0000-0003-2914-0659>

Аңдатпа. XVI ғасырдың соңы мен XVII ғасырдағы қазақ-орыс елшілік қатынастарының тарихы талданады. XVII ғасырда екі ел арасындағы сауда, дипломатиялық байланыстар өрістеді. Мәселені тың ұстанымдар ауқымында зерделеуде XVI-XVII ғасырлар Орыс мемлекетінің елшілік материалдарын бірегей дерек ретіндегі қолдану ерекше маңызға ие. Елшілік құжаттары Қазақ хандығы мен Ресей мемлекеті арасындағы байланыстардың дамуы мен үзілуі туралы құнды мәліметтер береді. Бұл мәселенің советтік кезеңде зерттелгеніне қарамастан оның әлі де болса терең әрі шынайы қарастырылуға тиіс қырларын ашудың маңызы зор. Зерттеудің мақсаты және міндеттері – XVI ғасырдың соңы мен XVII ғасырлардағы қазақ-орыс қатынастарының даму үрдісін талдау; XVI ғасырдың соңындағы қазақ-орыс қарым-қатынастарының ерекшеліктерін зерделеу; XVII ғасырдың басында қазақ-орыс қатынастарындағы уақытша тоқтауының себептерін анықтау; XVII ғасырдың соңында Қазақ хандығы мен Орыс мемлекеті арасындағы саяси және экономикалық байланыстарының қайта жандануын көрсету. Мақалада орыс елшілері есептерінің мәліметтері бойынша XVI ғ. соңы мен XVII ғасырдағы қазақ-бұхар қарым-қатынастарының бағытын, мәнін, саяси-тарихи маңызын, ерекшеліктері мен сипаты анықталды. Орыс дипломатиялық құжаттарындағы мәліметтер Орталық Азия аймағындағы геосаяси жағдайды, тарихи оқиғалардың шынайылығын айқындауға, жаңа ғылыми тұжырымдар мен қорытындылар жасауға, мүмкіндікті арттыратындығы дәйектелді. XVI ғасырдың соңынан XVII ғасырға дейінгі кезеңде Қазақ хандығы мен Орыс мемлекеті арасындағы қарым-қатынастар тұрақты және біркелкі сипатта болған жоқ. Екі елдің сыртқы саяси жағдайларына тікелей тәуелді болды. Тәуекел хан билігі кезінде орнатылған дипломатиялық байланыстар екі мемлекеттің арасындағы сауда және экономикалық қатынастардың қалыптасуына және дамуының негізін қалады. Бұл кезеңде екі тарап та өзара ынтымақтастықты нығайтуға қызығушылық танытып, саяси күн тәртібінде өзара байланыстарды кеңейту мәселесі қойылды. Алайда, сыртқы және ішкі саяси факторлардың ықпалымен қарым-қатынастардың дамуы тұрақсыз сипатқа ие болып, кейбір кезеңдерде қазақ-орыс қарым-қатынастары үзіліп, қайта жанданып отырды. XVI–XVII ғасырлардағы қазақ-орыс қатынастарының дамуы екі елдің саяси мүдделері мен сыртқы жағдайларының өзара ықпалдасуы аясында қалыптасты және бұл үрдіс екі мемлекеттің саяси-экономикалық байланыстарын тереңдетуге бағытталған маңызды тарихи кезең ретінде қарастырылады. Аталған мәселенің зерттелуі қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының арасындағы өзара ынтымақтастық пен достық қарым-қатынастарының тарихи сабақтастығын көрсете отырып, болашақта одан әрі дамуына үлесін тигізеді.

Түйін сөздер: қазақ-орыс қатынастары, дипломатиялық байланыстар, Елшілік приказы, Қазақ хандығы, Ресей, Тәуекел хан, Тәуке хан.

Алғыс айту. Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «XVI ғ. соңы-XVIII ғасырлардағы Қазақстанның сыртқы саясаты тарихының беймәлім беттері (шетелдік архив материалдары негізінде)» тақырыбындағы гранттық қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында орындалды (жеке тіркеу нөмірі: АР 26194453).

Кіріспе

Отандық тарихнамада XVII ғасырдағы қазақ-орыс қарым-қатынастары әлі күнге дейін арнайы әрі кешенді түрде зерделенбеген тақырыптардың бірінен саналады. Қазақ хандығы мен Мәскеу мемлекетінің арасындағы сауда байланыстары XVI ғасырда әсіресе Тәуекел ханның тұсында Ресей мен Қазақстанның өзара дипломатиялық қатынастары күшейе түскен. Бұл үдеріс XVII ғасырдың бас кезінде өз жалғасын тапты. Алайда Еуразиядағы халықаралық жағдайдың шиеленісуіне байланысты көршілес екі ел арасындағы байланыстар әлсіреді. Дипломатиялық қатынастар тек осы ғасырдың соңына қарай қайта жанданды. Отандық тарих ғылымында бұл мәселе советтік кезеңде біршама зерттеліп, арнайы және қосалқы түрдегі еңбектер жарық көрді. Халықтар достығы, «аға ұлттың қамқорлығы» аясында қарастырылған еңбектер өз заманы үшін маңызды болғанымен қазіргі уақытта сын көзбен қайта қарауды талап ететіні хақ. Тәуелсіздік жылдары Қазақстанның сыртқы байланыстары қарастырылғанымен қазақ-орыс қатынастары арнайы зерттеу нысанына айнала қоймады. Мұндай жағдайдың өзіндік себептері де жоқ емес. Басты себептердің бірі – қазақ-орыс қатынастарының тарихы бойынша деректердің негізінен ресейлік архивтердің қорларында сақталуы. «Мәдени мұра», «Архив – 2025» мемлекеттік бағдарламалары аясында Қазақстан тарихы бойынша орыс деректері анағұрлым қолжетімді бола түсті. Бірақ соңғы жылдары орын алған саяси жағдайлар қазақстандық ізденушілер үшін архив құжаттарына қолжетімділікті біршама қиындатты. Мәселенің арнайы зерделенбеуінің екінші себебі Қазақ хандығының сыртқы саясаты біртұтас бөлінбейтін күрделі құрылым ретінде зерттеліп келеді. Осы тұста тек қазақ-бұхар, қазақ-хиуа қатынастары жеке қарастырылды.

Замануи еуроазиялық одақтастықтағы Қазақстан мен Ресей Федерациясы арасындағы байланыстардың тарихын білу үшін оның өткенін тың тарихи деректер негізінде ғылыми ой елегінен өткізудің маңызы зор. Осы орайда XVII ғасырдағы қазақ-орыс қатынастарының тарихын жаңа тарихи таным тұрғысынан зерделеу көкейкесті болып табылады. Қазіргі әлемдік саяси аренада мемлекетаралық шиеленістер мен әскери қақтығыстар көбейген күрделі саяси жағдайда Қазақстанның тәуелсіздігін нығайту, шекараның тұтастығын, ұлттық қауіпсіздікті сақтау маңызды. Сол себепті Қазақстан бейбітшілік пен ынтымақтастық, бітімгерлік пен келісім сияқты ұстанымдарға басымдық танытуда. Аталған мәселені тың тарихи деректер негізінде талдау көрші екі ел арасындағы қатынастардың тарихынан тағлым алу дегенді білдіреді. Сондай-ақ қазақ-орыс дипломатиялық байланыстарының түрін, мазмұнын айқындауға жол ашады. Қазақ-орыс сыртқы саяси байланыстарын зерттеу Отан тарихындағы тағы бір ақтаңдақ тақырыпты ашуға мүмкіндік береді.

Материалдар мен әдістер

XVII ғасырдағы Қазақ хандығының сыртқы саясатына, қазақтарға тікелей және жанама түрде қатысты әртүрлі құжаттар Мәскеу мемлекетінің Елшілік приказының қорларында, XVII ғасырдың орта кезіндегі құжаттар шекаралық Еділ өңірі және Сібір қалалары: Қазан, Астархан, Түмен, Том, Тобылдың воеводалық кеңселерінде жинақталды. Осында ең алдымен Даланың әртүрлі хабаршылары келіп, өздерімен бірге хандары мен сұлтандарының хат-хабарларын жеткізген. Алайда Мәскеу мен Батыс Сібір қалаларындағы өрттің салдарынан ағаш ғимараттарда сақталған елшілік материалдардың көпшілігі жойылып кеткен. Сол себепті XVI-XVIII ғасырдың I-ширегіндегі Қазақстан тарихына қатысты орыс елшілік құжаттарының Мәскеу мен Санкт-Петербургте орналасқан және бірнеше Ресейдің федералды архивтерінде шашыраңқы орналасқан сирек құжаттарды қоспағанда, бүгінде аздаған құжаттары ғана қалған. Солардың біразы Қазақстан Республикасының «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында «Орыс деректеріндегі Қазақстан тарихы. XVI-XX ғғ» атты он томдық

құжаттар мен материалдар жинағының I томына «Орыс мемлекетінің елшілік материалдары XV-XVII ғасырлар» деген атаумен енгізілді (История Казахстана в русских источниках, 2005). I-томның материалдарын құрастыру, курсивті транскрипциялау, мәтіндерді арнайы редакциялау, кіріспе мақала, түсініктемелер, көрсеткіштік сөздіктерді құрастыру жүйелеу жұмыстарын ғалым А. Исин атқарған. Жинаққа мемлекетаралық хат-хабар мәтіндерінен үзінділер, елшіліктердің ресми іс қағаздары, елшілердің баяндаулары, воеводалардың есептері, сондай-ақ Мәскеу мемлекетінің (1604-1671 ж.) Орталық Азия хандықтарымен, Парсы және Еуропа елдерімен қарым-қатынасы туралы елшілік кітаптары топтастырылған. Сондай-ақ (1627-1697 ж.) Үлкен Сызба кітабынан Сібір жерлері сызбасының сипаттамалары, елшілердің іс қағаздары, баяндау сөздері, Сібір приказы, Тобыл архиві қорларынан алынған құжаттар, Үркіт (Иркутск) приказ үйінен Г.Ф. Миллер жинақтаған материалдар (1687–1700 ж.) берілген. Солардың арасында қазақ-орыс қатынастарына қатысты құжаттар бар. Олар XVII ғасырдағы қазақ-орыс елшілік қатынастарының сипатын, мәнін, мазмұнын, үзілуі мен жандануының себептерін анықтауда бірегей дерек болып саналады.

XVII ғасырдағы қазақ-орыс қатынастары бойынша құжаттар советтік кезеңде жарық көрген «XVI-XVIII ғасырлардағы қазақ-орыс қатынастары» (Казахско-русские отношения, 1961), «Орталық Азиядағы халықаралық қатынастар (XVII-XVIII ғ.)» (1989), екі бөлімнен тұратын «Цин империясы және қазақ хандығы. XVIII ғ. II-жартысы – XIX ғ. I-ширегі» (1989) атты архив құжаттары мен материалдар жинақтарынан орын алған. Аталған құжаттар мен материалдар көрсетілген кезеңдегі қазақ-орыс қатынастарының тарихын шынайы зерделеуде мұрындық болады.

Тақырып бойынша зерттеу жүргізуде американдық ғалым Оле Холстидің халықаралық қатынастар теориясы мәселені шынайы зерделеуге септесті (Холсти, 1972). Бұл теория XVII ғасырдағы қазақ-орыс дипломатиялық қатынастарын маңызы тарихи үдеріс ретінде тануға көмектеседі. Сонымен қатар соңғы уақытта қазақстандық тарихшылар пайдаланып жүрген қоғам жүйесінің әлеуметтік эволюциясын зерттейтін әлем-жүйелік бағыт қолданылды. Бұл бағытты қолданудың тиімділігі сонда, ол қазақ-орыс байланыстарын алдыңғы және кейінгі кезеңдермен сабақтаса қарастыруға жол ашады (Валлерстайн, 2001).

Таңдап алынған мәселені тарихи тұрғыда зерделеуде жалпыметодологиялық тарихилық, шынайылық және әлеуметтік қағидаттары хронологиялық, талдау, салыстыру, сипаттау, қорыту тәрізді әдістермен тығыз байланыста пайдаланылды.

Талқылау

XVI-XVIII ғасырлардағы қазақ-орыс қарым-қатынастары тарихының зерттелуін шартты түрде екі кезеңге бөліп көрсетуге болады: біріншісі – советтік, екіншісі – тәуелсіздік. Советтік кезеңде қазақ-орыс қатынастарының тарихы біршама зерттеліп, ғылыми еңбектер жарық көрді. Мәселен, А. Сабырханов XVIII ғасырдың 50-90-жылдарындағы Қазақстан мен Ресей байланыстарын зерделеді. Тарихшы XVI-XVII ғасырлардағы қазақ-орыс қарым-қатынастарын кешенді зерттеу мақсат қоймағандықтан мәселені терең қарастырмады (Сабырханов, 1965). Кейінірек А. Сабырханов өзінің диссертациясында зерделенген мәселе бойынша дербес ғылыми еңбек жариялады (Сабырханов, 1970). Тарихшының пікірінше, XVI ғасырдың соңы XVII ғасырдың бас кезінде қазақ-орыс қатынастары сол кезеңдегі саяси жағдайға байланысты әлсіреген. «Себебі XVII ғасырдың бас кезінде Ресей мемлекетінің ішкі жағдайы шиеленісті сипатты иеленген еді. Қазақ хандығының теріскейдегі көршісімен байланыстарын күшейтуге мүдделі болса да оны өрістетуге сыртқы ахуал мүмкіндік бермеді. Қазақ Елі бүкіл XVII ғасырдың өнебойында Жоңғария шапқыншылығына ұшырап отырды. Сөйтіп, өздерінің ішкі және сыртқы жағдайына алаңдаған екі мемлекет те өзара байланыстарына баса көңіл аударма алмаған болуы мүмкін» (Сабырханов, 1970:19). Шындығында да XVII ғасырдың орта кезіне қарай қазақ-орыс қатынастары үзілді. А. Сабырханов мәселені шынайы зерделей алмады. Қалыптасқан советтік идеология қазақ тарихын объективті түрде зерттеуге мүмкіндік бермеді.

Орыс-қазақ қатынастарын зерделеуге В.Я. Басин айтарлықтай үлес қосты. В.Я. Басиннің «XVII ғасырда Ресей мен қазақ хандықтары арасында сауда, саяси және дипломатиялық

байланыстар болды. Алайда олар қазақтардың көршісі алауыздық күрес жүргізген және хандарды қолдауға мүдделі болған әлсіз Жоңғария тұрғанға дейін жалғасты», – деген тұжырымы шындыққа келеді (Басин, 1971:102). Тарихшының пайымдауынша, Ресеймен қарым-қатынас орнатуға Тәуке хан мүдделі болған. Тәуке хан 1686–1693 жылдар аралығында Қазақ Елімен шектес Сібір шекараларына бес елшілікті аттандырған (Басин, 1971:107).

Тарихтан белгілі Қазақ хандығының орыс мемлекетімен сауда байланыстарын дамытуда Сырдария өзені бойындағы қалалар зор рөл атқарған. Қазақ-орыс сауда қатынастарын өрістетудегі қалалар К.А. Пищулинаның іргелі еңбегінде арнайы зерделенді (Пищулина, 1969). Қазақ-орыс дипломатиялық қатынастарына В.А. Моисеев Жоңғар мемлекетінің тарихын арнайы қарастырған іргелі зерттеуінде тоқталды (Моисеев, 1991).

XVII-XVIII ғасырдың бірінші ширегіндегі орыс-қазақ сауда және дипломатиялық қатынастар академиялық қорытындылаушы еңбектерден де көрініс тапты (Қазақ ССР тарихы, 1983). Мәселен, Қазақ ССР тарихы қазақ хандарының сыртқы саясаттағы ұстанымдары көрсетілген (Қазақ ССР тарихы, 1983:294-299). Академиялық басылым советтік кезеңде жарық көргендіктен қазақ-орыс қатынастарының тарихы советтік қасаң ғылым және идеология талаптарының шеңберінен шыға алмаған. Е.А. Княжецкая Ф. Скибин елшілігінің жүріп өткен жолын, Қазақ даласының табиғатын, Қазақ ордасының, Орталық Азия қалалары тұрғындарының шаруашылығы мен тұрмысын зерттеген (Княжецкая, 1980).

Тәуелсіздік жылдары мәселе алдығы кезеңмен салыстырғанда біршама тереңірек зерттелді. Мәселен, «Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін» бес томдық академиялық басылымның 2-томында Қазақ хандығының Ресеймен қарым-қатынастары көрші халықтармен байланыстар ауқымында қарастырылды (Қазақстан тарихы, 1998). «Қазақ хандығы тарихы: құрылуы, өрлеуі, құлдырауы» (Қазақ хандығы, 2011) атты ұжымдық зерттеуде XVII ғасырдың соңы және XVIII ғасырдың басындағы Тәуке ханның сыртқы саясаты баяндалады. Ғалымдар: «Өз Тәуке хан аумағы өскен, шаруашылық және саяси қуаты арта түскен Ресей патшалығымен бейбіт қатынастары баянды етуге зор көңіл бөлді. XVII ғасыр соңында Қазақстан мен Ресей арасында сауда байланыстары нығая түсті. Сауда керуендері екі жаққа да тиімді қызмет етті. Елшілік байланыстары жиіледі», - деп тұжырымдады (Аяған, 2011:175).

Э.Д. Телеуова өзінің XVII ғасырдың соңы-XVIII ғасырдың алғашқы ширегіндегі Қазақ хандығының тарихын көрініс тапқан зерттеуінде Тәуке ханның Ресеймен елшілік байланыстарын қарастырды (Телеуова, 1999). Б.А. Ғабдулинаның еңбегінде XVII ғасырдың соңы мен XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ-орыс қатынастары Қазақстанның көрші мемлекеттермен байланыстарының астарында көрсетілді (Ғабдулина, 2005). Соңғы жылдары Н. Атығаев XVI-XVII ғасырлардағы Қазақ хандығының Ресеймен дипломатиялық байланыстарын зерделеді (Атығаев, 2023). Оның пікірінше, қазақ-орыс қатынастары XVII ғасырдың соңында, әсіресе Тәуке ханның билігі тұсында белсенді айтарлықтай жанданған. Көрсетілген кезеңдегі Орталық Азия және Қазақстан аумағындағы халықтардың өзара байланыстарын зерттеген ғалым Т. Сұлтанов та осындай тұжырымға келген (Сұлтанов,).

Ж.Е. Жаппасовтың «XVI-XVIII ғасырлардағы қазақ-орыс қарым-қатынастарының тарихынан» атты мақаласында аталмыш мәселеге қатысты тарихнамалық талдау жасалған. Зерттеуші қазақ-орыс қатынастарының көрсетілген кезеңдегі тарихи жағдайларға байланысты өзгеріп отыруын және екі ел арасындағы байланыстардың көршілес мемлекеттердің саясатына әсер еткенін атап көрсеткен (Жаппасов, 2010).

К.К. Абуевтың «Қазақ-орыс қатынастары ауқымындағы Сібір хандығы» монографиясында Сібір хандығының тарихын зерттеу негізінде қазақ-орыс қатынастарының қалыптасуы мен даму үрдістері талданған (Абуев, 2016). Автор архив құжаттарының негізінде Қазақ және Орыс мемлекетінің қарым-қатынастар орнатуға мүдделі болғандығын дәлелдеді. Мәселені жан-жақты қарастыра келе ғалым «Тәуекел хан Ораз Мұхаметті тұтқыннан қайтару үшін қойылған талапты орындады; орыс патшасы қазақ билеушісі тарапынан одақтастық туралы ұсынысын «бодандыққа кіру» деп қабылдауы империялық саясатының көрінісін білдірді» деген қорытындыға келеді.

Әдиет Қайыркен XVI-XVII ғасырдың басындағы қазақ-орыс қатынастары зерделенген мақала жариялады (Қайыркен, 2021). Мақалада мәселе үстірт қарастырылды. «Қазақ хандығы мен Ресей мемлекеті арасындағы дипломатиялық қарым-қатынас айтарлықтай деңгейге жетіп, XVII ғасырдың екінші жартысында дамыды» деген пікірі тарихшылардың алдыңғы буынының тұжырымымен үндес. Дегенмен жас ғалымның «XVI-XVIII ғасырлардағы қазақ-орыс қарым-қатынастары тарихына қатысты архив құжаттары әлі де зерттелмеген, мәселенің ашылмаған қырлары көп» деген тұжырымы құптарлық.

Мәселені шетелдік зерттеушілерден Р.Г. Буканова, Ю.В. Бондаренко зерделеді. Олардың мақаласында қазақ-орыс қарым-қатынастарының қалыптасуынан бастап, Қазақ хандығының Ресей империясының боданына енген кезеңіне дейінгі саяси байланыстардың даму үрдісі талданды (Буканова, 2021). Сонымен қатар И.П. Каменецкийдің «Сібір қазағы Федор Скибиннің Қазақ Ордасына 1694-1696 жылдардағы елшілік миссиясы» атты зерттеуі назар аударарлық (Каменецкий, 2025). «Скибиннің Тәукеге елшілігі де Қазақ Ордасының бытыраңқылығын еңсере алмаған, біртұтас мемлекет құра алмаған қазақ билеушісі билігінің әлсіздігі мен шектеулілігін, ханның Ресейге және басқа көршілес мемлекеттерге қатысты бұдан да көреген, салмақты саясат жүргізе алмайтындығын көрсетті», – деп пайымдады. Алайда бұл қазақстандық тарихнамадағы тұжырыммен үндеспейді. Отандық тарих ғылымында Тәуке «көреген саясаткер, ақылды дипломат, құдіретті хан болды. Тәуке ханның өзіне дейінгілерден айырмашылығы хандықтағы ерекше әлеуметтік топты құрайтын, дала ақсүйектерінің өкілі билердің көмегімен өзінің үстемдігін нығайтуға тырысты» деген тұжырым жасалған (Қазақстан тарихы, 1998:435).

Тарихнамалық шолудан XVII ғасырдағы қазақ-орыс елшілік қатынастарының кешенді түрде дербес зерттелмегендігіне көз жеткізілді. Мұның өзі бұл мәселені терең, бұрын-соңды ғылыми айналымға түсірілмеген деректер негізінде терең әрі шынайы зерделеу қажеттілігін дәйектейді.

Зерттеу нәтижелері

Қазақ хандығы мен Ресей мемлекеті арасындағы саяси-дипломатиялық байланыстардың дамуы XVI ғасырдың соңы мен XVII ғасырдың басында өрістеді. Бұның негізгі алғышарты Ресейдің Астрахан және Қазан хандықтарын бағындыруы мен Қазақ хандығының аумағына жақындауы еді. Ресей патшасы Иван Грозный кезінен бастап орыс билігі оңтүстік бағытта сыртқы саясатын белсенді түрде жүргізе бастады. Сібір хандығын жаулап алғаннан кейін орыс мемлекеті Қазақ хандығымен достық қарым-қатынас орнатуға қызығушылық танытты. Себебі Орыс мемлекеті Қазақ хандығының аумағымен өтетін керуен жолдарының қауіпсіздігі қамтамасыз ету мен ортаазиялық хандықтармен сауда байланыстарын нығайту мақсатын көздеді. Сонымен қатар Көшім ханға қарсы күресте одақтас табуға мүдделі болды. Осы орайда 1573 жылы Қазақ хандығына Третьяк Чебуков бастаған елшілік жіберілді. Бірақ Т. Чебуковтың елшілігі өз мақсатына жете алмады. Себебі Т. Чебуков қазақ жеріне жетпей 1573 жылы шілде айында Камыға жақын жерде Сібір ханы Көшімнің немере інісі Маметқұлдың тұтқынына түседі. Елшіліктің сәтсіз болуына қарамастан, қазақ-орыс сауда байланыстарын орнатуға жол ашылды. Мәселен, 1574 жылы ағайынды Строгоновтарға баж салығынсыз сауда жасауға рұқсат етілді (Абуев, 2016:100). Ал Қазақ хандығы мен Ресей мемлекеті арасындағы ресми дипломатиялық қарым-қатынастар Тәуекел ханның кезінен басталады (Сұлтанов, 2020:250). 1595 жылы Қырғыз-қайсақ (Қазақ Ордасы – авт.) Ордасының патшасы Тәуекел елші Құлмұхаметті Ресей қоластына өту, және Сібірде тұтқынға түскен немере інісі Оразмұхаметті босату туралы өтінішпен жіберген (Ресей мемлекеттік көне актілер архиві (РМКАА). Қ.122. Т. 1. Іс 2. 4 п.). Екі ел арасындағы дипломатиялық байланыстар саяси мақсатты көздеді. Қазақ хандығы мен Орыс мемлекетінің XVI ғасырдың соңында жүргізген сыртқы саясатының негізінде өзара тиімді қатынастарды орнатуға мүдделі болды. Орыс патшасы Сібір хандығына қарсы одақ құруға және сауда қатынастарын дамытуға мүдделі болса, қазақ ханы Бұхар хандығына қарсы одақтас және отты қару-жараққа ие болудың жолдарын іздестірді. Алғашқы орыс-қазақ дипломатиялық қатынастары XVII ғасырдың бас кезінде өз жалғасын тапты.

XVII ғасырда қазақ-орыс қатынастары Ресейдің ортаазиялық елдермен сауда-саттық және қалмақ, ноғай, бұхар елдері арасындағы өзара байланыстар арқылы өрбіді. Ресей ортаазиялық мемлекеттермен сауда байланыстарын орнату үшін қазақ даласының батыс аймағын пайдаланды, яғни сауда жолдары Жайық, Жем өзендері бойымен, Сырт, Еділ өңірі арқылы өтті. Ресей үкіметі 1600 жылы мамыр айында Англияға елші Григорий Иванович Микулинді жіберген кезде қазақ жерлерінің Сібірге жақын орналасқандығы және Ресеймен көршілес орналасқан елдермен байланыстары бар екендігі жөнінде айтқан (Посольские материалы, 2005:212-213).

1604 жылдың 23 қарашасындағы Иштерек бидің ұлы князь Борис Федоровичтің атына жазылған антында аталған жерлердің Қазақ, Қырым, парсы, түрік және т.б. патшалықтар орыс мемлекетінің достары еместігі, олардың кез-келген уақытта өздеріне соғыс ашулары мүмкін екендігі айтылған. Жайықтың арғы жағына, Ем мен Ойылға, Сырт жерлеріне көшіп-қонуға болмайды. Астрахан, Еділ, Терек және осы екі өзеннің аралығына қоныстануға болады делінген (Посольские материалы, 2005:224). 1607 жылдың 18 қазанында Қазан сарайының Приказынан Тар воеводасы Сил Гагаринге, 1608 жылдың 27 ақпанында аталған Приказдың Тар воеводасы И.В. Мосальскийге жазған грамоталарында қалмақ тайшыларына Сібір аумағындағы орыс жерлерін қорғау, Қазақ ордаларымен соғыспаудың және олардың жерлеріне қоныстанбаудың қажеттілігі баса айтылған (Посольские материалы, 2005:225-229). Бұл Ресейдің сыртқы саясатында әрбір қадамын аңдап басқандығын, көрші елдермен жер үшін дау-дамайға барғысы келмегендігін байқатады. Онсыз да XVII ғасырдың басында оның саяси жағдайы күрделі болатын. Том воеводалары Василий Волынский мен Михаил Новосильцовтың 1609 жылғы құжатында Қазақ хандығы тұрақсыз және жаугершілікті ұстанған мемлекет деп сипатталады. Сібір князьдарының бірі Ресей бодандығын қабылдаған кезде оған Сібір шептерін қазақтар мен қалмақтардан қорғау жүктелген. Құжатта «... олар, яғни Сібір шептері Алтын патшадан және Қазақ ордасы мен қара қалмақтардан қорғалсын» делінген (Қазақстан тарихы, 1998:447).

XVII ғасырдың басында Ресей Азияға шығу үшін Орталық Азия елдерімен, әсіресе Бұхармен сауда қатынастарын дамытуды мақсат етті. Сондықтан да қазақ даласы арқылы өтетін өзінің Орталық Азиямен сауда жолдарының қауіпсіздігін қамтамасыз етуде Қазақ хандығымен қатынастарын күшейтуге мүдделі болды.

Ресей үкіметі Парсы, Бұхар, Хиуа және т.б. елдерге елшілік жіберген кезде қазақ даласындағы жағдай туралы мәлімет алуға тырысқан. Қазақ ордасының шын тәуелсіз немесе біреудің бағыныштысы ма, Орталық Азия хандықтарымен қандай байланысы бар, т.б. нақтылау жөнінде нұсқау берген. Мәселен, Тобыл воеводасы Иван Куракиннің 1616 жылы 20 қазанда Елшілік Приказына жазған есебінде ұлы князь Михаил Федоровичтен Саурандағы Абылай ханмен сауда қатынастарын жүргізуде грамоталарды жазудың үлгісін жіберуін сұраған. Сауда байланыстарын жүргізуде Абылай ханның өздеріне жылы қабақ танытып, қажетті тауарлармен қамтамасыз етуде оның есімін, лауазымын, өзге де атақтарын дұрыс жазу керектігі айтылған (Посольские материалы, 2005:262). Бұдан әлі де орыс бодандығын қабылдамаған Қазақ еліне Ресей үкіметінің құрметі анық байқалады. Есептегі «...Саурандағы Қазақ ордасының ханы Абылайдың ұлы билеушіге жақсы қарап, саудагерлерді әртүрлі тауарларымен бірге Тобылға және Сібірдің өзге де қалаларына жіберуі, көпестерге кедергі жасамай, залал келтірмей, оларды қорғау үшін сауда жасау жөнінде хат жазу керек» деген жазу Сібірдегі орыс үкіметінің қазақ билеушілерімен байланыс орнатуға ұмтылғандығын дәйектейді.

Алайда орыс үкіметінің Абылай ханмен байланыс орнатуының сәті түспеді. Абылай хан Бұхар билеушісі Имамқұлдан жеңіліп, Сауранды қалдыруға мәжбүр болды. Қала бірнеше жақын орналасқан елді мекендерімен бірге аштархандық қазақ ақсүйегі Тұрсын Мұхамед ханның қол астына өтті. Осы жағдай туралы И. Куракиннің есебінде мынадай мәлімет берілген. Онда былай делінген: «... бұхарлықтан естуімізше, Бұхара патшасы Имамқұл Сауран патшасы Аблай ханды өзінің қалаларынан қуып жіберді, ал ол Қазақ ордасына қашты, оның орнына Сауранда және басқа қалаларға өзінің ізбасары Тұрсын ханзаданы отырғызды»

(Посольские материалы, 2005:264). Мұның өзі елшілердің өздері қарым-қатынас орнатып жатқан Бұхар хандығының сыртқы байланыстарын Елшілік Приказына уақытылы жеткізіп, барған аумақтағы геосаяси жағдайды мұқият бақылап, өзгерістерді дер кезінде байқап отырғандықтарынан хабар береді.

Жоғарыда аталған нұсқауға сәйкес XVII ғасырдың бас кезінен бастап орыстар қазақ даласы туралы нақты мәліметтерді тиянақтылықпен жинауға кірісті. Оның бір дәлелі – Самара губернаторы князь Дмитрий Пожарскийдің 1614 жылғы 21 сәуірде Одоевский мен Головинге Қазақ Ордасының көрші елдермен қарым-қатынастары туралы жазған хаты. Хатта «...Қазақ Ордасы мен қарақалпақтар бір-бірінен дос, араласып тұрады, түрікмендермен және Арап ханмен де достық қатынаста» (Басин, 1971:98-99), – деп жазылған.

Көрсетілген кезеңде Қазақ және ортаазиялық хандықтарда қалыптасқан саяси жағдайға қарамастан Ресей Бұхармен сауда байланыстарын жолға қойды. Қазақстан аумағы арқылы Орталық Азия хандықтарымен сауданың дамуы қазақ-орыс қатынастарының нығаюына белгілі бір дәрежеде ықпал етті. Сауда-саттық арқылы қазақ-орыс қатынастарының дамуына Жоңғар мемлекетінің күшеюі, оның Ресеймен тығыз қарым-қатынастар орнатуға, орыс патшалығының жоңғарларды өзінің боданына айналдыруға ұмтылуы әсерін тигізбей қоймады. Соның бір мысалы ретінде Том воеводасы В.В. Волынскийдің 1609 жылдың 31 наурызында қара қалмақтардың елшілері келіп, өздерінің патша үкіметінің қол астына кіргілері келгендігі туралы Қазан сарайының Приказына жазған есебін келтіруге болады (Посольские материалы, 2005:234-235).

XVII ғасырдың бас кезінде Ресей Орталық Азиямен сауда-саттықты көбейту мақсатында сол елдерге елшілерді жіберді. 1614 жылы Жайық арқылы парсы еліне Михаил Тихонов пен Алексей Бухаров бастаған елшілер, олармен бірге орыс көпестері аттанды (Басин, 1971:98). Осындай елшіліктердің қатары уақыт өткен сайын көбее берді. Осы уақытта Қазақ хандығы мықты мемлекет ретінде көрші елдерге танымал еді. Бұл жайында

1617 жылы 19 наурызда Тар қаласының атаманы Василий Тюменц пен десятник Иван Петров Алтын ханға (XVII ғасырда Монғолияның солтүстік батысында орналасқан мемлекет) барып келгеннен кейін «Топ мемлекетінде (ғалым А. Исиннің пайымдауынша, мемлекеттің атауы қате жазылуы мүмкін) Алтын патшаның қоныстарының жанында тағы бір ел бар. Оның билеушілері – Есім хан және Батыр хан. (Орта орданы Есім хан билеген. Оның орталығы Түркістан қаласы, Кіші орданың билеушісі Батыр хан, орданың резиденциясы Сауран қаласы болған). Олар қол астындағы қалалар тастан және ағаштан тұрғызылған, ал мемлекеті ұлы әрі алпауыт, әскері садақ ататын тектілерден құралған, от қарулары да бар, тілі мен діні жөнінде ештеңе айтылмады» деп мәлімдеген (Посольские материалы, 2005:270).

Елшілік және Сібір Приказдарының материалдарында Қазақ хандығының сыртқы байланыстары турасында да мәліметтер кездеседі. Мұндай мәліметтер Қазақ ордасының Монғолиямен, Қытаймен және Жоңғар мемлекеттерімен бейбіт өмір сүру туралы мәмлеге келіп, елшілік алмастырып отырғандығын дәйектейді. Мәселен, 1618 жылы 12 ақпанда тобыл атаманы Иван Савельев қалмақ тайшысы Далай-батырға барған кезінде «оның шаңырағында Қазақ ордасынан екі адамның отырғандығын» жеткізген (Посольские материалы, 2005:273).

1627 жылы астрахан воеводасы ноғай билеушісі Абеш ханның Қызылбастардың (Иран) ханы Исмендиярдан қорқып, Үргеніш қаласынан Қазақ ордасының астанасы Түркістанға келгендігі жөнінде жазған. Есептің мазмұны бойынша түрікмендердің патшасы Исмендияр қазақ ханына Андағұл мырза арқылы хабар жіберіп, оның қызына құда түсті. Абдеш қазақ ханы оны Үргенішке, яғни інісі Исмендиярға қайтарады деп ойлап, бір қыс Түркістанда қыстап, Астраханға жетпіс адаммен бірге келген (Посольские материалы, 2005:298). Бұл XVII ғасырдың I-жартысында қазақ-орыс қатынастарының Еділ өңірі, ортаазиялық кеңістіктегі, парсы, қалмақ еліндегі ахуалға тәуелді болғандығын көрсетеді.

Ресей мен Қазақ хандығы арасындағы сауда, саяси және дипломатиялық байланыстарының үзілуіне Жоңғар мемлекетінің ықпалы зор болды. XVII ғасырдың 30-жылдары қазақ-жоңғар қатынастары айтарлықтай шиеленісті. Князь Абаковтың айтуынша, 1635 жылы 19 шілдеде сол жылдың қысында қалмақтар Қазақ ордасына жорық жасаған. Екі

жақтың әскері соғысқан. Қара қалмақтар қазақтарды жеңіп, Есім ханның ұлы Жәңгірді алып кеткен. Талай тайшы тағы да Қазақ орласына шабуыл жасаған (Посольские материалы, 2005:330). Бұл оқиға туралы 1635 жылдың 6 шілдесі мен 2 желтоқсаны аралығында қырғыз ұлыстарында болып, оралған Том казактарының атаманы Д. Копылов та жазған (Посольские материалы, 2005:331,347). 1644 жылдың ақпан айында Григорий Куракиннің баяндауынша, қалмақтың Қонды тайшысы 50 мың әскермен Қазақ орласы мен алатау қырғыздарына жорыққа аттанған. Оған қарсы Жәңгір хан шығып, қалмақтың 10 мың жасағын талқандаған. Жәңгірге көмекке Жалаңтөс 20 мың әскерімен келген. Осыншама әскерді көрген Қонды тайшы кері шегінген (Посольские материалы, 2005:350-351).

1647 жылы мамыр айында Даниил Аршинский Алатау бөктерінде отырған қалмақ қонтайшысына елшілікпен келген. Орыстар қонтайшының ұлысында екі ай болған. елшілерді босатарда қонтайшы орыс патшасының өзіне 2 500 алтын, 7 үнді тауығы мен 3 әтешін, 7 доңыз, 3 доңыздың ұрғашысын және сауыт жіберуді талап еткен (Посольские материалы, 2005:356-358). Мұның өзі Жоңғар мемлекетінің уақыт өткен сайын күшейіп, көрші елдерге қауіп төндіріп қана қоймай, қазақ-орыс қатынастарына кедергі жасағанын дәйектейді.

Жоңғарияда жаңа қонтайшының Галдан Цереннің такқа келуі оны қазақ билеушілерімен қақтығысқа әкеліп, орыс-қазақ дипломатиялық қатынастарын қайта қалпына келтіруді қиындата түсті. Ертіс, Есіл, Тобыл бойындағы орыс қоныстары мен қазақтардың көшпелі қоныстары арасындағы, негізінен, Сарысу, Қаратұрғай, Талас және Шу өзендерінің алаптарында орналасқан елеулі аумақтарды Жоңғар хандығы басып алды. Осының салдарынан солтүстік-шығыс және солтүстік-батыс бағыттағы қазақ хандықтары мен орыс иеліктері арасындағы бұрын болған байланыстар үзілді. Себебі XVII ғасырда Қазақ хандығының ішкі және сыртқы саяси әлсіреуіне алып келген жоңғар факторынан бөлек қазақ билеушілері арасындағы толассыз күрестері де елдің саяси жағдайына жағымсыз әсер етті. Ресей мемлекетіндегі саяси жағдай да бірыңғай және тұтас көріністе болған жоқ. Саяси дүрбелең кезеңі мен мемлекеттік билікке жаңа әулеттің орнығуы, сонымен бірге жаңа саяси бағыт пен идеологиялық доктриналардың пайда болуы Қазақстан мен Ресей арасындағы ұзақ мерзімді әрі өзара тиімді саяси қатынастарының нығаюына мүмкіндік бермеді.

Дегенмен XVII ғасырдың соңында қазақ-орыс қатынастары қайта жанданды. Бұған Жоңғар хандығы мен манчжурлар арасындағы қақтығыс нәтижесінде Жоңғар мемлекетінің саяси әлсіреуі ықпал етті. Сонымен қатар екі мемлекеттің де билік басына аса көрнекті саяси қайраткерлер – Тәуке хан мен І Петрдің келуі саяси байланыстардың өрбуіне жол ашты (Қазақстан тарихы, 1998:447).

Осыдан кейін ғана қазақ билеушілерінің Ресеймен байланысын қайта қалпына келтіруге мүмкіндігі болды. 1687 жылы 31 шілдеде өкілетті елші А.Ф. Головиннің Сібір Приказына жазған есебінде Тобылға Тәуке хан елшісінің келгендігі және оның хатын аудармамен бірге Мәскеуге жіберілгендігі жайында айтылады. Есепте айтылғандай, 1696 жылы Есіл өзенінің бойындағы далаға барған татарлар Тауышмергенко Елгинчинеєв пен Ергынячко Терытоновқа қазақтар ұстап алып, Түркістанға Тәуке ханға әкелген. Тәуке хан оларды өзінің сарайында қабылдап, жөн сұраған. Татарлар өздерінің Сібір қаласы - Тобылдан екендіктерін, тонағандарын жеткізген. Тәуке хан тонаушыларды тауып, заттарын қайтаруды бұйырған. Татарлар сарайда 11 ай өмір сүрген. Олар тамақпен, сусынмен және қажеттілердің барлығымен қамтамасыз етілген (Посольские материалы, 2005:388). 1697 жылы мамыр айында хан татарларды Тобылға жіберіп, оларға Тәшімнің елшілігіне Ресеймен сауда қатынастарын дамытудың жолдарын қарастыру тапсырылған қазақ саудагерлері ілескен (Басин, 105). Тәшім батыр өзінің ханының атынан 3 садақ пен жебе, қымбат мата, алтын берген. Ханның сыйлықтары мен хатын алып, оны аударуға беріп, Тәшім батырды қайтарып жіберген (Посольские материалы, 2005:389).

1686–1693 жылдар аралығында Тәуке хан Ресейге маңызы дипломатиялық тапсырмалармен бес елшілік жіберді (Султанов, 2001:228). Бұл тату көршілік қарым-қатынасқа өзара мүдделілік нәтижесінде болды (Атыгаев, 2023:161). Мұны Тәуке ханның орыс патшасы V Иванға 1692 жылы жазған хатынан көруге болады. хатта былай делінген:

«Біздің аталарымыз мен әкелерімізден кейін де сіздің адамдар бізге келді, біздің адамдар сізге барды және біздің арамызда көптеген жылдар бойы әрбір игі істер жалғасын тауып, екі мемлекеттің арасы жол болды, енді сіз бен біздің арамыздағы сол жолдар ниеті дұрыс емес адамдардан тазаланып, адамдарымыз қатынасса, біз жақсы атаққа ие болар едік». Ресей мемлекетінің билеушілері де достық қарым-қатынас орнатуға қызығушылық танытты (Атыгаев, 2023:161).

1693 жылы 4 қазанда Тәуке хан І Петр патшаға Ресеймен достық қарым-қатынастарды сақтауға ұмтылысын, Тобылда ұсталған өзінің елшісі Келді мырзаны қайтару қажеттілігі, Қазы сұлтанның орыс қоныстарына жасалған шабуылға қатысы жоқ екендігін білдірген хат жіберген. Хаттың мазмұны мынадай: Тәуке Тобыл уезіне екі адамды елшілікке жіберген. Біреуі қайтыс болған, Келді мырзаны ұстап қалған. Одан кейін Тайқұмыр батырды жіберген. Келдіні босатқанға дейін тобыл елшілерін ұстап отырған. Тәуке хан екі елдің арасында елшілер мен саудагерлердің бұрынғысынша емін-еркін жүргенін қалайтынын, ұрлық пен жаман істерді қолдамайтынын білдірген. Тайқұмыр батырдың ауызша айтатындарына сенім артуын сұраған. Хаттың соңында Тәуекел Мәмет батыр хан деп мөр басқан (Посольские материалы, 2005:400-401). 1693 жылы 28 қарашада Құлтабай Аталықұлы Тайқұмыр батыр Тобылға жеткен. Хатты және сыйлықтарды тапсырған Тайқұмыр батыр Тәуке ханның ауызша айтуға бұйырған мәселесі орыс үкіметінің Келді мырзаны қайтаруын, өзі оның орнына ұстап отырған елші Андрей Неприпасовты босататынын баяндаған (Посольские материалы, 2005:403). Сібір әкімшілігі мен Тәуке ханның арасындағы істерді жолға қою үшін 1692 жылы шілдеде Түркістандағы Тәуке ханға құрамында Андрей Неприпасов, Василий Кобяков және тілмәш Шаманаев бар елшілік жіберілген. Алайда саяси алауыздықтың күшті болғаны сонша елшілер Сары мен Келді және Неприпасовтың адамдары екі жақта да кепілдер ретінде ұсталған еді (Қазақстан тарихы, 1998:448).

1694 жылы 4 сәуірде Тобыл губернаторларының жарлығымен Федор Скибин Қазақ Ордасына келіссөздер жүргізу үшін жіберілді. Бұл келіссөздердің қажеттілігіне негізінен қазақстандық тарап бастамашы болды. 1693 жылы қазанда Тәуке хан І Петрге хат жолдап, Ресеймен достық қарым-қатынаста болуға дайын екендігін және Жамыш көлінде тұтқындалған текті Келдей мырзаны босатуды сұрады.

Оның өтінішіне жауап ретінде үкімет Тобыл губернаторларына мырзаны қайтарып, хан ордасына тәжірибелі елшілерді жіберуді бұйырды. Елшілік бірқатар күрделі, өзара байланысты мәселелерді шешуге тиіс болды: 1) қазақ ханына 1691 және 1693 жылдары орыс қоныстарына (Утятская, Камицкая, Ялutorовск поселкелерінде, Ялutorовск елді мекендеріне) қарақшылық шабуыл жасағаны үшін сөгіс жариялау және тұтқынға алынған тұрғындарды қайтару; 2) қазақтардың орыс әскерін Семізкөл түбінде талқандағаннан кейін Ордада қалған орыс тұтқындарын және 1692 жылы Тәуке ханға елшілікпен барған кезде қазақтардың қолында қалған Тобыл боярының ұлы Андрей Неприпасовты, атты казак Василий Кобяковты өзінің жолдастарымен бірге босатуға тырысу. Ф.Скибиннің елшілік отрядының құрамында атты казак Матвей Трошин, тілмәш Уразайко Чачканов, жол көрсетуші татар Таушко Мерген және екі аспазшысы болды. 1691 жылы Ямыш көлінде тұтқынға алынған Келдей мырза да олармен бірге жіберілді. Соңғысын А.Неприпасов пен оның адамдарына айырбастау көзделді (Каменецкий, 2025).

1694 жылы 22 шілдеде орыс патшасының елшілері көптеген қиындықтарды бастан кешіріп, Түркістанға келді. Ф. Скибиннің айтуы бойынша Тәуке хан елшілерге жылы қабақ танытпаған. Қазақтардың билеушісі елшілік тәртібін белгіленген рәсім бойынша бас киемін шешпей отырып тыңдаған. Сол арқылы өзінің орыс патшасына тәуелсіздігін паш еткен. Әскерилер мен жүз басы А.Ф. Нарышкиннің сәлемі мен аман-саулық тілегіне хан «сексен мың жасағымен саулықтамын» деп қысқаша жауап берген. Сол арқылы өзінің әскери артықшылығы мен қуатын көрсеткен. Ресей билігінің Тобыл, Түмен уездерінің тұтқынға алынған слободалық қоныстанушыларын, олар ұстап отырған орыс елшілерін босату туралы талабын да Тәуке хан да елемеген (Каменецкий, 2025).

Ф. Скибин елшілігі Қазақ ордасында екі жыл болған. Ф.Скибиннің елшілігі атқарған істер орыс үкіметі үшін маңызды болды. Ең алдымен орыс үкіметі қазақ даласының табиғаты, Қазақ хандығының саяси басқаруы, шаруашылық өмірі, әлеуметтік құрылымы, Орталық Азия қалаларының тұрғындары туралы маңызды мәліметтер алды. 1696 жылы шілде айында Қазақ ордасынан оралған Федор Скибин приказдыққа Тобылдан Түркістанға дейінгі қазақ қалаларын: Сауран, Сығанақ (құжатта Сырнақ делінген), Аққорған, Сусак, Қарашық, Қарнақ, Оралхай, Қиған, Отырар, Сайран сипаттап берді (Посольские материалы, 2005:378-379). Елшілік Қазақ ордасында 32 қала бар деп көрсеткен (Посольские материалы, 2005:379). Сондай-ақ 1697 жылдың көктемінде қазақтарда болған Ф. Скибин және басқалардың баяндауы бойынша Қазақ ордасы мен Бұхар хандығына баратын жолдар Сібір Приказына карта сызу үшін ұсынылған (Посольские материалы, 2005:380-386).

Шығыс елдеріне апаратын жолдар Сібірдің көрнекті картографы С.У. Ремезовтың «Сызбалар кітабынан» сурет кітаптарында және одан кейінгі тарихи-географиялық әдебиеттерде көрініс тапқан. Сонымен қатар орыстар Бұхар мен Хивадағы саяси жағдай, қазақ-жоңғар, қазақ-бұхар қатынастары туралы ақпаратқа қол жеткізді. Елшіліктің сапары Ресейдің Қазақ ордасымен берік дипломатиялық және өзара тиімді сауда байланыстарын орнатудағы кезекті қадам болды.

XVII ғасырдың соңында Қазақстан мен Ресей арасындағы сауда, саяси және елшілік қарым-қатынастары қайта дамыды. Көреген саясаткер, ақылды елші – Тәуке хан орыс-қазақ қарым-қатынасын нығайтуға ұдайы күш салды. Оның орыс мемлекетімен жақындасуға ұмтылысы нәтижесіз болмады. Қазақ-орыс қатынастарының одан ары дамуы Қазақстанның Ресей бодандығын қабылдауына алып келді.

Қорытынды

Осылайша, XVII ғасырдағы қазақ-орыс қатынастары Ресей мемлекетінің елшілік материалдары бойынша қарастырылды. Зерттеу нәтижелері осы уақытқа дейін аталған кезеңдегі қазақ-орыс қатынастарының тарихы «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында жинақталған елшілік құжаттары бойынша зерделенбегендігін көрсетіп берді. Қазақстанның көрші елдермен қарым-қатынастары тарихын зерттеуде елшілік құжаттарын талдап, ғылыми айналымға енгізудің маңызы айқындалды, өйткені олар Қазақ хандығының сыртқы байланыстарын кешенді зерделеуде бірегей құнды деректер болып саналады. Бұл материалдар XVII ғасырдағы қазақ-орыс дипломатиялық қатынастарының бірде дамып, біреде үзіліп қалуының себептерін айқындаудың бірден-бір жазбаша айғақтары болып табылады. Елшілік құжаттар тек қазақ-орыс қана емес Қазақ ордасының барлық сыртқы байланыстарын жаңа тарихи тұрғысынан зерттеуде тың деректер екендігі даусыз.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, қазақ-орыс қатынастарын жаңа тарихи таным тұрғысында қарастыруда мынадай мәселелерді қайта ой елегінен өткізудің қажеттілігі туындайды: Тәуке ханның сыртқы саяси, елшілік ұстанымдары; қазақ елшілерінің өмірі мен қызметі.

Көрсетілген кезеңдегі қазақ-орыс қатынастарын зерделеу қазіргі кезеңдегі екі ел арасындағы конструктивті диалог пен жоғары кәсіби дипломатия тамырының тереңге тартатынын дәлелдейді. Қазақстан мен Ресей арасындағы тату көршілік және одақтастық қатынастарға негізделген ынтымақтастық тарихының бай екендігіне көз жеткізеді. Қазақстанның көп векторлы сыртқы саясатында елдің стратегиялық серіктесі және одақтасы Ресей мемлекетінің орны ерекше екендігі белгілі. Достық қарым-қатынастарды одан әрі дамытуда өткен уақыттардағы байланыстарды ой таразысынан өткізу, олардан сабақ алып маңызды. Ол қоғамда тарихқа құрметті арттыруға, тарихи сананы жетілдіруге жол ашады.

Әдебиеттер тізімі

- Holsti O.R. Crisis, Escalation, War. Montreal and London: McGill-Queen's University Press, 1972, p. 290.
- Абуев К.К. Сибирское ханство в контексте казахско-русских отношений. Кокшетау: КГУ им. Ш. Уалиханова, 2016. – 184 с.
- Атыгаев Н. Казахское ханство: очерки внешнеполитической истории XV-XVII веков. Алматы: Евразийский научно-исследовательский институт МКТУ им. Х.А. Ясави, 2023. 225с.
- Аяған Б.Ғ. Қазақ хандығы тарихы: құрылуы, өрлеуі, құлдырауы. Алматы: «Сөздік-Словарь», 2011. 320 б.
- Басин В.Я. Россия и казахские ханства в XVI–XVIII вв. (Казахстан в системе внешней политики Российской империи). Алма-Ата, Изд-во «Наука» Казахской ССР, 1971. 275 с.
- Буканова Р.Г., Бондаренко Ю.В. Российско-казахские отношения в XVI-XIX вв. //Вестник Академии наук Республики Башкортостан. Исторические науки. Т. 40, №3(103), 2021. С. 51-58.
- Валлерстайн И. Анализ мировых систем и ситуация в современном мире. Санкт-Петербург, 2001. 169 с.
- Ғабдулина Б.А. Қазақ хандығының көрші мемлекеттермен қарым-қатынасы (XVII ғ. соңы мен XVIII ғ. бірінші жартысы). Т.ғ.к... дисс. Алматы, 2006 131б.
- Жаппасов Ж.Е. XVI–XVIII ғасырлардағы қазақ-орыс қарым-қатынастарының тарихынан // Қазіргі тарих ғылымының проблемалары: жаңа бағыттар мен көзқарастар: «Бекмаханов оқулары» халықаралық ғылыми конференция материалдары. 21-22 мамыр. 2010. / Жауапты ред. Г.С. Сұлтанғалиева. Алматы: Қазақ университеті, 2010. 386 б.
- Казахско-русские отношения в XVI–XVIII веках, 1961 – *Казахско-русские отношения в XVI–XVIII веках*. Сб. док. и материалов. Сост.: Ф.Н. Киреев и др. Алма-Ата: Изд-во Акад. наук КазССР, 1961.743 с.
- Кайыркен А. История развития казахско-русских отношений XVI – начала XVIII вв. // Вестник КазНПУ имени Абая. Серия: Исторические и социально-политические науки. Том 3, №66, 2020. – С. 238-243.
- Каменецкий И.П. Посольская миссия сибирского казака Федора Скибина в Казахскую Орду в 1694-1696 годах // Вестник Волоградского государственного университета. Серия 4, История. Регионоведение. Международные отношения. 2025. Т. 30. № 1. С. 18-29. [электронды ресурс [URL:https://cyberleninka.ru/article/n/posolskaya-missiya-sibirskogo-kazaka-fedora-skibina-v-kazahskuyu-ordu-v-1694-1696-godah/viewer](https://cyberleninka.ru/article/n/posolskaya-missiya-sibirskogo-kazaka-fedora-skibina-v-kazahskuyu-ordu-v-1694-1696-godah/viewer)
- Княжецкая Е.А. Путешествие казака Федора Скибина в Казачью Орду в 1694–1696 гг. // Страны и народы Востока. Вып. 22. Средняя и Центральная Азия. География, этнография и история. Книга 2. Москва:Восточная литература, 1980. С. 66–73.
- Қазақ ССР тарихы (көне заманнан бүгінге дейін) Бес томдық. 2-т. Алматы: Қазақ ССР-інің «Ғылым» баспасы, 1983. 440 б.
- Қазақстан тарихы Көне заманнан бүгінге дейін. Бес томдық. II т. Алматы: «Атамұра», 1998. 640 б.
- Моисеев В.А. Джунгарское ханство и казахи (XVII–XVIII вв.). Алма-Ата: Ғылым, 1991. 238 с.
- Пищулина К.А. Присырдарьинские города и их значение в истории казахских ханств в XV–XVII веках // Казахстан в XV–XVIII веках. Вопросы социально-политической истории. Алма-Ата, Наука, 1969. С. 5-49. (204 с.).
- Посольские материалы, 2005 – История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков. В 10 тт. Т. 1 / сост. А.И. Исин. Алматы: Дайк-Пресс. 2005. 704 с.
- Сабырханов А. Казахско-русские отношения в 50–90-х гг. XVIII в. Автореф. к.и.н. Алма-Ата, 1965. 19 с.

Сабырханов А. Қазақстан мен Россияның XVIII ғасырдағы қарым-қатынастары (Қазақтың кіші жүзіне қатысты мәліметтер негізінде). Алматы: ҚазССР-нің «Ғылым» баспасы, 1970. 139 б.

Султанов Т.И. Кочевые племена Приаралья в XV–XVII вв. (Вопросы этнической и социальной истории). Москва: Наука, 1982. 134 с.

Султанов Т.И. Казахи. Судьба народов и судьба страны в средние века. Алматы: Дайк-Пресс, 2020. 344 с.

Телеуова Э.Д. Тәуке (Тәуекел-Мұхамед-Батыр Хан) тұсындағы Қазақ хандығының саяси, әлеуметтік және экономикалық ахуалы. Т.ғ.к... дисс. Алматы, 1999. 136 б.

Дереккөздер

РМКАА – Ресей мемлекеттік көне актілер архиві

О. Мухатова^{1*}, А. Доскараева², А. Жиренов³

¹⁻² *Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова, Алматы, Казахстан*

³ *РГП на ПХВ «Ғылым ордасы» КН МНВО РК, Алматы, Казахстан*

КАЗАХСКО-РУССКИЕ ОТНОШЕНИЯ КОНЦА XVI-XVII ВЕКОВ

Аннотация. Анализируется история казахско-русских посольских отношений конца XVI-XVII веков. В XVII веке между двумя странами развивались торговые, дипломатические связи. Особое значение в изучении проблемы в масштабе целинных позиций имеет использование посольских материалов Русского государства XVI-XVII вв. как уникального источника. Документы посольства предоставляют ценные сведения о развитии и разрыве связей между Казахским ханством и Российским государством. Несмотря на то, что эта проблема была исследована в советский период, важно раскрыть ее аспекты, которые все еще должны рассматриваться глубоко и реалистично. Цель и задачи исследования – анализ тенденций развития казахско-русских отношений конца XVI-XVII веков; изучение особенностей казахско-русских отношений конца XVI века; выявление причин временного прекращения казахско-русских отношений в начале XVII века; демонстрация возрождения политических и экономических связей между Казахским ханством и Русским государством в конце XVII века. В статье, по сведениям отчетов русских послов, определены направление, сущность, политико-историческое значение, особенности и характер казахско-бухарских отношений конца XVI века и XVII века. Было обосновано, что сведения, содержащиеся в российских дипломатических документах, увеличивают возможности для определения геополитической ситуации в Центральноазиатском регионе, достоверности исторических событий, создания новых научных выводов и выводов. В период с конца XVI по XVII века отношения между Казахским ханством и Русским государством не носили постоянного и однозначного характера. Внешнеполитические условия двух стран находились в прямой зависимости. Дипломатические связи, установленные во время правления Тауекель-хана, заложили основу для формирования и развития торговых и экономических отношений между двумя государствами. На данном этапе обе стороны выразили заинтересованность в укреплении взаимного сотрудничества, на политической повестке был поставлен вопрос расширения взаимосвязей. Однако под влиянием внешних и внутривнутриполитических факторов развитие отношений приобрело неустойчивый характер, в некоторые периоды казахско-русские отношения прерывались и возрождались. Развитие казахско-русских отношений в XVI-XVII веках сложилось на фоне взаимодействия политических интересов и внешних условий двух стран, и этот процесс рассматривается как важный исторический этап, направленный на углубление политико-экономических связей двух государств. Изучение данной проблемы в настоящее время способствует дальнейшему развитию Республики Казахстан и Российской Федерации, отражая историческую преемственность отношений взаимного сотрудничества и дружбы.

Ключевые слова: казахско-русские отношения, дипломатические связи, Посольские приказы, Казахское ханство, Россия, Тауекель хан, Тауке

О. Mukhatova^{1*}, **А. Doskarayeva**², **А. Zhirenov**³

¹⁻² *Sh. Sh. Ualikhanov Institute of History and Ethnology, Almaty, Kazakhstan*

³ *RES «Фильм ордасы» CS MSHE, Almaty, Kazakhstan*

KAZAKH-RUSSIAN RELATIONS IN THE LATE XVIth AND XVIIth CENTURIES

Abstract. The article analyzes the history of Kazakh-Russian embassy relations at the end of the XVI-XVII centuries. In the 17th century, trade and diplomatic ties developed between the two countries. Of particular importance in studying the problem on the scale of virgin lands is the use of embassy materials of the Russian state of the XVI-XVII centuries. as a unique source. The embassy's documents provide valuable information about the development and severance of ties between the Kazakh Khanate and the Russian state. Despite the fact that this issue was studied during the Soviet period, it is important to reveal its aspects that still need to be considered in depth and realistically. Goals and objectives of the study – Analysis of the trends in the development of Kazakh-Russian relations in the late 16th and 17th centuries; study of the features of Kazakh-Russian relations in the late 16th century; identification of the reasons for the temporary cessation of Kazakh-Russian relations in the early 17th century; demonstration of the revival of political and economic ties between the Kazakh Khanate and the Russian state in the late 17th century. According to the reports of Russian ambassadors, the article identifies the direction, essence, political and historical significance, features, and nature of the Kazakh-Bukhara relations in the late 16th and 17th centuries. It is argued that the information contained in Russian diplomatic documents enhances the ability to assess the geopolitical situation in Central Asia, verify historical events, and draw new scientific conclusions. During the late 16th and 17th centuries, relations between the Kazakh Khanate and the Russian state were not consistent or straightforward. The foreign policy conditions of the two countries were directly related. The diplomatic ties established during the reign of Tauekel khan laid the foundation for the formation and development of trade and economic relations between the two states. At this stage, both parties expressed their interest in strengthening mutual cooperation, and the issue of expanding ties was placed on the political agenda. However, due to external and internal political factors, the development of relations became unstable, and Kazakh-Russian relations were interrupted and revived at certain periods. The development of Kazakh-Russian relations in the 16th and 17th centuries was shaped by the interaction of political interests and external conditions in both countries, and this process is seen as an important historical milestone aimed at deepening the political and economic ties between the two states. The study of this issue currently contributes to the further development of the Republic of Kazakhstan and the Russian Federation, reflecting the historical continuity of relations of mutual cooperation and friendship.

Keywords: Kazakh-Russian relations, diplomatic ties, Embassy orders, the Kazakh Khanate, Russia, Tauekel Khan, Tauke Khan.

Acknowledgment. The article was prepared within the framework of the grant project of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan titled «Unknown pages of the history of Kazakhstan's foreign policy in the late 16th – 18th Centuries (based on materials from foreign archives)» (registration number: AR 26194453).

References

Abuev K.K. Sibirskoe hanstvo v kontekste kazahsko-russkih otnoshenij. [The Siberian Khanate in the Context of Kazakh-Russian Relations.] Kokshetau: KGU im. SH. Ualihanova. 2016. – 184 p. (In Rus)

Atygaev N. Kazahskoe hanstvo: ocherki vneshnepoliticheskoy istorii XV-XVII vekov. [The Kazakh Khanate: essays on the foreign policy history of the XV–XVII centuries]. Almaty: Evrazijskij nauchno-issledovatel'skij institut MKTU im. H.A. Yasavi, 2023. 225 p. (In Rus)

Ayagan B.G. Qazaq handygy tarihy: qurylyy, orleyi, quldyrayy. [The history of the Kazakh Khanate: creation, rise, decline.]. Almaty: «Sozdik-Slovar», 2011. 320 p. (In Kaz)

Basin V.Ya. Rossiya i kazahskie hanstva v XVI–XVIII vv. (Kazakhstan v sisteme vneshnej politiki Rossijskoj imperii). [Russia and the Kazakh states in the XVI–XVIII centuries. (Kazakhstan in the system of foreign policy of the Russian Empire)]. Alma-Ata, Izd-vo «Nauka» Kazahskoj SSR, 1971. 275 p. (In Rus)

Bukanova R.G., Bondarenko Y.V. Rossijsko-kazahskie otnosheniya v XVI-XIX vv. [Russian-Kazakh relations in the 16th–19th centuries] // Vestnik Akademii nauk Respubliki Bashkortostan. Istoricheskie nauki. T. 40, №3(103), 2021. P. 51-58. (in Rus.)

Gabdylina B.A. Qazaq handygynyn korshi memlekettermen qarym-qatynasy (XVII g. sony men XVIII g. birinshi jartysy). [Relations of the Kazakh Khanate with neighboring states (late XVII-first half of XVIII century)]. t.g.k... diss. Almaty, 2006 131p. (In Kaz)

Holsti O.R. Crisis, Escalation, War. Montreal and London: McGill-Queen's University Press, 1972, p. 290. (in Eng)

Jappasov J.E. XVI–XVIII ғасырлардағы қазақ-орыс қарым-қатынастарының тарихынан [From the history of Kazakh-Russian relations in the XVI-XVIII centuries] // Qazirgi tarih ғылымның problemalary: jańa baғыttar men kózqarastar: "Bekmahanov oqýlary" halyqaralyq ғылыми konferensia materialdary. 21-22 mamyr. 2010. / Jaýapty red. G.S. Sultangaliev. Almaty: Qazaq ýniversiteti, 2010. 386 p. (In Kaz)

Kaiyrken A. Istoriya razvitiya kazahsko-russkih otnoshenij XVI – nachala XVIII vv. [The history of Kazakh-Russian relations in the 16th and early 18th centuries] // Vestnik KazNPU imeni Abaya. Seriya: Istoricheskie i social'no-politicheskie nauki. Tom 3, №66 (2020). P. 238-243. (in Rus.)

Kameneckij I.P. Posol'skaya missiya sibirskogo kazaka Fedora Skibina v Kazahskuyu Ordu v 1694-1696 godah [Ambassador's mission of the siberian cossack Fyodor Skibin to the Kazakh Horde in 1694–1696] // Vestnik Vologradskogo gosudarstvennogo universiteta. Seriya 4, Istoriya. Regionovedenie. Mezhdunarodnye otnosheniya. 2025. T. 30. № 1. P.18-29. [electronic resource] (in Rus.) [URL:https://cyberleninka.ru/article/n/posolskaya-missiya-sibirskogo-kazaka-fedora-skibina-v-kazahskuyu-ordu-v-1694-1696-godah/viewer](https://cyberleninka.ru/article/n/posolskaya-missiya-sibirskogo-kazaka-fedora-skibina-v-kazahskuyu-ordu-v-1694-1696-godah/viewer)

Kazahsko-russkie otnosheniya v XVI–XVIII vekah, 1961 – *Kazahsko-russkie otnosheniya v XVI–XVIII vekah*. [Kazakh-Russian Relations in the 16th-18th Centuries] Sb. dok. i materialov. Sost.: F.N. Kireev i dr. Alma-Ata: Izd-vo Akad. nauk KazSSR, 1961. 743 p.

Knyazhechkaya E.A. Puteshestvie kazaka Fedora Skibina v Kazach'yu Ordu v 1694-1696 gg. [The journey of the Cossack Fyodor Skibin to the Cossack Horde in 1694-1696.] // Strany i narody Vostoka. Vyp. 22. Srednyaya i Central'naya Aziya. Geografiya, etnografiya i istoriya. Kniga 2. Moskva: Vostochnaya literatura, 1980. P. 66–73. (in Rus.)

Moiseev V.A. Dzhungarskoe hanstvo i kazahi (XVII-XVIII vv.). [The Dzungarian Khanate and the Kazakhs (XVII–XVIII centuries).]. Alma-Ata: Gylym, 1991. 238 p. (In Rus)

Pishulina K.A. Prisyrdarinskie goroda i ih znachenie v istorii kazahskih hanstv v XV-XVII vekah. [The Syrdarya cities and their importance in the history of the Kazakh khanates in the XV-XVII centuries] // Kazakhstan v XV–XVIII vekah. Voprosy socialno-politicheskoy istorii. Alma-Ata, Nauka, 1969. Pp. 5-49. (204 p.). (In Rus)

Posol'skie materialy, 2005 – *Istoriya Kazahstana v russkih istochnikah XVI-XX vekov*. [The history of Kazakhstan in Russian sources of the XVI-XX centuries.]. V 10 tt. T. 1 / sost. A.I. Isin. Almaty: Dajk-Press. 2005. 704 p. (in Rus.)

Qazaq KSR tarihy (kone zamannan buginge deini). [The history of the Kazakh SSR from ancient times to the present day] Bes tomdyq. 2-t. Almaty: Qazaq KSR-iin «Gylym» baspasy, 1983. 440 p. (In Kaz)

Qazaqstan tarihy. Kone zamannan buginge deiingi. Bes tomdyq. II t. [The history of Kazakhstan from ancient times to the present day]. Almaty: «Atamura», 1998. 640 p. (In Kaz)

Sabyrhanov A. Kazahsko-russkie otnosheniya v 50–90-h gg. XVIII v. [Kazakh-Russian relations in the 50-90s of the XVIII century.]. Avtoref. k.i.n. Alma-Ata, 1965. 19 p. (In Rus)

Sabyrhanov A. Qazaqstan men orystyn XVIII gasyrdagy qarym-qatynastary (Qazaqtyn kishi juzine qatysty malimetter negizinde). [Relations between Kazakhstan and Russians in the XVIII century (based on data concerning the Kazakh junior zhuz)]. Almaty: Qazssr-nin «Gylym» baspasy, 1970. 139 p. (In Kaz)

Sultanov T.I. Kochevye plemena Priaralya v XV-XVII vv. (Voprosy etnicheskoj i socialnoj istorii). [Nomadic tribes of the Aral Sea region in the XV-XVII centuries. (Issues of ethnic and social history)]. M.: Izd-vo Nauka, 1982. 134 p. (In Rus)

Sultanov T.I. Kazahi. Sud'ba narodov i sud'ba strany v srednie veka. [Kazakhs. The fate of nations and the fate of the country in the Middle Ages] Almaty: Dajk-Press, 2020. 344 p. (in Rus.)

Teleyova E.D. Tauke (Tauekel-Muhamed-Batyr Han) tusyndagy Qazaq handygynyn sayasi, alymettik jane ekonomikalyq ahyaly. [Political, social and economic situation of the Kazakh Khanate under Tauke (Tauekel-Mukhamed-batyr Khan).]. t.g.k... diss. Almaty, 1999. 136 p. (In Kaz)

Vallerstajn I. Analiz mirovyh sistem i situaciya v sovremennom mire. [Analysis of global systems and the current situation in the world] Sankt-Peterburg, 2001. 169 p. (in Rus.)

Авторлар туралы мәлімет

Оразгүл Хасенқызы Мұхатова – Тарих ғылымдарының докторы, профессор, бас ғылыми қызметкер. Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

Айжан Асхатқызы Доскараева – кіші ғылыми қызметкер, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің 3 курс докторанты

Асқар Асанұлы Жиренов – бас ғылыми қызметкер, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің 3 курс докторанты

Сведения об авторе

Оразгүл Хасенқызы Мұхатова – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник. Институт истории и этнологии имени Ш.Ш. Уалиханова.

Айжан Асхатқызы Доскараева – младший научный сотрудник, докторант 3 курса Казахского национального университета имени аль-Фараби.

Асқар Асанұлы Жиренов – главный научный сотрудник, докторант 3 курса Казахского национального университета имени аль-Фараби.

Information about the authors

Orasgul Khassenkyzy Mukhathova – Doctor of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher. Sh. Sh. Ualikhanov Institute of History and Ethnology

Aizhan Askhatkyzy Doskaraeva – Junior Researcher, 3rd-year PhD student at Al-Farabi Kazakh National University

Askar Assanuly Zhiyenov – Chief Researcher, 3rd-year PhD student at Al-Farabi Kazakh National University

Авторлардың үлесі

Мұхатова О.Х. – мақала мәтінін дайындады. Зерттеудің теориялық-методологиялық негіздерін, мақсаты мен міндеттерін анықтады. Зерттеу тақырыбы бойынша тарихнамалық және тарихи деректерді талдап, қорытынды жасады.

Доскараева А.А. – Тарихи және тарихнамалық деректерді жинақтауға қатысты. Мәселенің зерттелу деңгейін анықтауда жекелеген толықтырулар жасады. Мақаланың мәтінін журнал талаптарына сәйкес ресімдеді.

Жиренов А.А. – Тақырып бойынша библиографиялық шолу жасады. Мақаланың мәтінін журнал талаптарына сәйкес ресімдеуге көмектесті.

Вклад авторов

Мұхатова О.Х. – подготовила текст статьи, определила теоретико-методологические основы, цели и задачи исследования. Проанализировала историографические и исторические источники по теме исследования и сделала обобщающие выводы.

Доскараева А.А. – участвовала в сборе исторических и историографических данных, внесла отдельные дополнения при определении уровня изученности проблемы, оформила текст статьи в соответствии с требованиями журнала.

Жиренов А.А. – провёл библиографический обзор по теме и помог в оформлении текста статьи в соответствии с требованиями журнала.

Author contributions

Mukhatova O.Kh. – prepared the text of the article, defined the theoretical and methodological foundations, as well as the goals and objectives of the study. Analyzed historiographical and historical sources on the research topic and formulated general conclusions.

Doskaraeva A.A. – participated in the collection of historical and historiographical data, made individual additions in determining the level of research on the issue, and formatted the article text in accordance with the journal's requirements.

Zhirenov A.A. – conducted a bibliographic review on the topic and assisted in formatting the article text in accordance with the journal's requirements.

Редакцияға түсті 23.08.2025

Өңдеуден кейін қайта түсті 14.09.2025

Жариялауға қабылданды 28.09.2025